

► М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТ

Елбасы кітапханасындағы студенттер семинары



КР Тұнғыш Президенті – Елбасы кітапханасында «Болашаққа жол өзінен басталады» атты республикалық жастардың семинар-тренингі үйимдастырылды. Бұл басқосуға М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры, академик Дария Кожамжарова бастаған 25 студент қатысты.

Жоғары оқу орнынан барған делегаттарды КР Тұнғыш Президенті Елбасы кітапханасының директоры Әмірхан Муратбекұлы Рахымжанов арнасы қабылдап, ез сезінде Елбасы еңбегіне ерекше мән беріп, жастарға жан-жақты талдап, түсіндірді. Семинар-тренингке шым шаһардан жиналған жастар бұл жиыннан ерекше әсер алғып, езіндік танымын қалыптастыруды. Елбасы еңбегінің ересен жемісін көріп, көрмеге қойылған кітаптармен танысты. Тәуелсіз мемлекетті отыз жылға жуық басқарған әлемге танымал тарихи тұлғаның гибратты ғұмыры мен өнегелі өміріне қызыққан жаңа буын өкілінің баянды болашағымызға нық сенімі бекі түсетін анық.

Жиында сөз алғандар Елбасының Нұрсұлтан Назарбаев – ұлт тарихының ең бір күрделі кезеңінде ел басқарған ұлы тұлға екендігіне тоқталып, өткен ғасырдың тоқсаныншы жыл-

дары алып қызыл империя тарқаған уақытта ел тізгінін қолға алған көріністікке ерекше мән берді. Кеңестік саяси жүйенің бәрі құрдымға кетіп, экономика шатқаятап, ортақ ақшадан ажырап, идеология мен мәдениет, білім сияқты барлық сала атаулы ақсал, ел еңесі түскен уақыт еді. Оның бәрі айтуға ғана оңай нәрселер. Осындағы қыын-қыстау жағдайда ел ішін реттеп, оның болашағын болжап, алға сүйретіп тұлға қажет еді. Осындағы ауыр миссияны Тұнғыш Президент ез мойнына алып, абыраймен атқарғаның жан-жақты ашып көрсетті.

Ұлт көшбасшысының мемлекеттік үшін жасаған ұлы еңбектері – жас үрпақтың алдындағы жарқын бағдары. Оның жемісін көретін уақыт алда. Жастар семинар-тренингтің нәтижесінде Елбасы еңбектерінен өздеріне жасалып жатқан қамқорлық пен берік қолдауды анық сезініп, елімізді көркейтіп, абырайын асқақтатуда зор еңбек ету керектігін терең түсінді. Қазақстанның ғылым саласын дамытып, әлеуеттін арттыру керектігін сезінді. Әр саладан жаңаңыз әшіп, тарихымыздың зерттелмей жатқан беттерін, байтақ даланың сан қырын бүкіл әлемге терең таныттын көз жеткенін түсінді. Іс-шара сонында барлық қатысуыш-делегаттарға арналы сертификат пен Елбасы еңбектері табыс етілді.

**М.Әуезов атындағы
ОҚМУ-дың баспасөз қызметі**